
АҚКК біліктілік КОМИССИЯСЫ

ҚАРАША 2024ж.

Аудит және Этика

Бөлінген уақыт: 3 сағат

Бұл емтиханда төрт тапсырма қамтылған, оның әрқайсысы бірнеше бөлімнен тұрады.

- Төрт тапсырманың барлығын орындаңыз.
- Тапсырмаларға жауаптарға арналған жұмыс дәптерінде жауап беріңіз.
- Жақшаның ішінде әр тапсырманың атауынан кейін оның ең жоғары балы келтірілген.
- Уақытты жұмсау бойынша ұсыныс:

| | |
|---------------------|----------------------|
| 1-тапсырма, 28 балл | 42 – 50 минут |
| 2-тапсырма, 18 балл | 28 – 40 минут |
| 3-тапсырма, 14 балл | 25 – 30 минут |
| 4-тапсырма, 40 балл | <u>55 – 60 минут</u> |
- Уақыт жиыны: 150 – 180 минут
- Барлық ақшалай шамалар есептік бірлікпен (е.б.), осы емтиханда қолданылатын халықаралық ақшалай өрнекпен көрсетілген.
- Қаржылық емес калькуляторларды қолдануға рұқсат етіледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Емтихандық буклетті емтихандық бөлмеден шығаруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Сіз осы емтихандық буклетті тапсыруыңыз қажет.

ЕМТИХАНДЫ БАСТАУҒА РҰҚСАТ АЛМАЙЫНША БҰЛ ПАРАҚТЫ АШПАҢЫЗ.

Барлық құқықтар қорғалған. Бұл басылымның ешбір бөлімін заңнамамен тікелей көзделген жағдайларды санамағанда, АҚКК-ның алдын-ала рұқсатын алмайынша жаңғыртуға, деректерді сақтауға және өңдеуге арналған қандай да бір жүйеде сақтауға немесе электронды немесе механикалық құралдарды, соның ішінде ксерокөшірмелеуді, ақпаратты сақтауға немесе іздеуге арналған қандай да бір құрылғыларға жазуды қолданумен қандай да бір нысанда беруге болмайды. АҚКК-ның рұқсатын алуға арналған сұратуларлы мына мекенжай бойынша жолдап отыру керек: kvalkom@psad.kz

1-тапсырма (28 балл)

«Ребрат и Ко» компаниясы (бұдан әрі – Компания) компьютерлік және өзге түрдегі оргтехниканы көтерме және бөлшек саудада сатумен айналысады. Компания жыл сайын қаржылық есептілік аудитінен өтуге міндетті, оның тұжырымдамалық негізі халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (бұдан әрі - ХКЕС) болып табылады. 2023 жылғы қаржылық есептіліктің аудитін (31.12.2023ж. жағдай бойынша), алдыңғы бес жылдағыдай, компанияның сенімді салық кеңесшісі болып табылатын «Профит» аудиторлық фирмасы (бұдан әрі – «Профит» АФ) жүргізетін болады, бұл ретте аудиттен алынатын қаламақылардың мөлшері осымен 3 жыл қатарынан салықтық кеңес беруден алынатын қаламақылардан едәуір аз.

Аудиторлар 2023 жылғы қаржылық есептілік аудиті жөніндегі бұрын жасалған шартқа сәйкес 31.10.2023 жылғы жағдай бойынша (қаржылық есептілікті жасамас бұрын) өткізілген компанияның қорларын түгендеуге қатысты. Түгендеу нәтижелері бойынша ұйымдастыру техникасының айтарлықтай сомаға кем шығуы анықталды, алайда, әзірге Компания түгендеу нәтижелерін түгендеу ведомостарында қорытындылаған жоқ.

Компанияның 2023 жылғы қызметінің және қаржылық есептілігінің нақты нәтижелері туралы ақпаратқа сәйкес мынадай ақпарат бар:

- 2023 жылдың басында негізгі жеткізушінің компаниясына қатысты сот процестеріне байланысты Компания жеткізілім кідірістерін болдырмау үшін оны ондаған басқа тауар жеткізушілермен алмастыруға мәжбүр болды, бұл көліктік шығындар құнының өсуіне, сондай-ақ тауарлардың бөлшек сауда (сатылу) бағасының жалпы өсуіне және сатудан түскен пайданың төмендеуіне әкелді.
- 2023 жылы сатылым көлемінің айтарлықтай төмендеуіне қарамастан, дебиторлық берешек деңгейі жыл соңында үш есе өсті, сатылым көлемі өткен жылдың сыюған сәйкес кезеңімен салыстырғанда екі есе азайды.
- Компания қоймалар мен кеңсе ретінде пайдаланылатын ғимаратқа иелік етеді. Басқарушы персоналдың 2024 жылы займды қайта қаржыландыру үшін банкке жүгінуді жоспарлап отырғанына байланысты осы айналымдық емес активті қайта бағалау туралы шешім қабылданды. Қаржылық есептілік күніне қайта бағалау үшін тәуелсіз бағалаушы шақырылды. Бағалаушының 30.11.2023 жылғы есебінде баяндалған жұмыс нәтижелері бойынша Компания меншікті капиталында жүргізілген жете бағалаудан түсетін табыстың елеулі мөлшерін мойындай отырып, ғимаратты әділ құны бойынша 31.12.2023 жылға қарсы қайта бағалады.
- Компания шығынға ұшырады және өзі бойынша берешек сомасы 2024 жылғы 20 ақпанда төлеуге жататын несие бойынша пайыздардың ағымдағы төленуін қамтамасыз ете алмады. Компания қолданыстағы келісімшарт талаптарын өзгерту туралы келісімге келе алмады немесе қайта қаржыландыруды ала алмады, бұл мән-жайлар қаржылық есептілікке 16-ескертпеде көрсетілген.

Қажет етіледі: төменде келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз.

1.1 Тапсырманың шартына сүйене отырып, Компанияға салықтық кеңес беру және аудит қызметтерін көрсетуіне байланысты «Профит» АФ алатын елеулі қаламақыларға байланысты туындауы мүмкін аудитордың тәуелсіздігіне төнетін қауіп-қатерлерді сәйкестендіріңіз. Сондай-ақ, осындай қауіптердің деңгейін бағалау кезінде ескеру қажет болатын факторлардың екі мысалын келтіріңіз.

| |
|--|
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |

| |
|--|
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |

1.6 Аудитордың 31.10.2023 жылға қатысты қорларды түгендеуге қатысқанын ескере отырып, түгендеу күні мен түпкілікті түгендеу жазбалары арасындағы қорлардағы өзгерістер тиісті түрде көрсетілгендігі туралы аудиторлық дәлелдемелерді алу үшін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу кезінде аудиторға қандай мәселелерді (кемінде үш) қосымша қарастыру орынды екенін түсіндіріңіз.

| |
|--|
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |

| |
|--|
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |

1.7. Бухгалтерлік бағалауды жүзеге асыру кезінде басқарушы персонал сарапшысы пайдаланған деректерге қатысты елеулі бұрмаланудың бағаланған тәуекелдері үшін жеткілікті және қолайлы аудиторлық дәлелдерді алу үшін алдағы уақыттағы аудиторлық рәсімдердің кемінде үш мысалын келтіріңіз (тапсырманың 3-тармағын қараңыз).

| |
|--|
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |

2-тапсырма (18 балл)

«Сиверг» компаниясы (бұдан әрі – Компания) листингтік компания болып табылады және жыл сайын жергілікті заңнама талаптарына сәйкес қаржылық есептілік аудитінен өтуге міндетті. Қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негізі ХҚЕС болып табылады. Жарияланған тендердің нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитор таңдалды, ол алғаш рет 2023 жылғы қаржылық есептілікке аудит жүргізеді.

Аудиторлық процедуралар келесі ақпарат негізінде жоспарланған және құжатталған:

1. Жаңа аудитор алдыңғы аудиторға жүгінді, ол оған танысу үшін аудиторлық файлға, оның ішінде өткен жылғы 27.02.2023ж. аудиторлық есепте есеп беру кезеңінің соңында Компания қорларының болуына қатысты дәлелдемелер алудың мүмкін болмау себебіне орай *ескертумен пікір айту* үшін негіз болып табылатын мәселелерге қол жеткізуді ұсынды.
2. Аудитор тауарлық-материалдық қорлар мен ұзақ мерзімді инвестициялардың шоттары бойынша айтарлықтай қалдықтар бар екенін ескере отырып, бірінші рет орындалатын тапсырма үшін кезеңнің басындағы қалдықтарға қатысты арнайы аудит рәсімдерін өткізуді жоспарлады.
3. Шоттардың сальдосы мен операциялар кластарына қатысты бекіту деңгейінде Елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалау кезінде аудитор бақылау тәуекелін төмен тұжырымдар деңгейінде елеулі бұрмалану тәуекелдеріне баға беру кезінде аудитор бақылау тәуекелін төмен деңгейде бағалап және осы бақылау құралдарының тиімділігінің неғұрлым сенімді дәлелдерін алу үшін бақылау құралдарының (шараларының) сынақтарын орындауды жоспарлады.
4. Аудитор басқарушы персонал аудиторға аспаған байланысты тараптармен елеулі операцияларды сәйкестендірді.
5. 2024 жылдың басында өткен жылдағы салықтық есептілікке өзгерістер енгізіп, сондай-ақ 2024ж. компания филиалдарының бірін жабу туралы шешім қабылдады.

Қажет етіледі: төменде келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз.

2.1. Тапсырманың шарттарын (2-тарм.) ескере отырып, аудитор қорлардың және ұзақ мерзімді инвестициялардың шоттары бойынша кезеңнің басындағы сальдоны растау үшін құжаттандыруы тиіс болатын кем дегенде 2 аудиторлық рәсімді атаңыз.

| |
|--|
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |

| |
|--|
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |

3.2 «Клиенттермен қарым-қатынастарды және нақты тапсырмаларды қабылдау және жалғастыру» компонентіне арналған белгілі бір мән-жайды есепке алуға қатысты АФ СБС-ға енгізілуі тиіс болатын міндетті саясаттар мен рәсімдердің екі **тармағын** сипаттаңыз.

| |
|--|
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |

| |
|--|
| |
|--|

3.4 Белгілі бір тапсырма бойынша жиналған аудиторлық дәлелдемелерді бағалауға қатысты АФ-ың қандай әрекеттері (кем дегенде 2) саясаттар мен рәсімдерді қамтуы тиіс (аудит рәсімдерін немесе тәуелсіз аудитордың дұрыс емес есебін жіберіп алған кезде) екенін атаңыз.

| |
|--|
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |

3.5 Тарихи қаржылық ақпараттың аудиті немесе шолуы болып табылмайтын сенімділік беру тапсырмаларын орындау кезінде машықтанушы маманның мақсаттарын (кем дегенде 3) сипаттаңыз.

| |
|--|
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |

| |
|--|
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |

3.6 Келісілген рәсімдерді орындау тапсырмасында қолданылатын **аудиторлық рәсімдердің кем дегенде 4 мысалын** келтіріңіз.

| |
|--|
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |

4-тапсырма (40 балл)

Төменде келтірілген сұрақтардың әрқайсысы бойынша ең жақсы жауапты таңдаңыз. 20 сұрақтың барлығы бойынша жауабыңызды жауаптар парағында белгілеңіз. Әр сұраққа тек бір ғана жауап беріңіз. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз. Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделетін болады.

4.1 Төменде келтірілген жауаптардың қайсысы белгілі бір жағдайларда аудитордың кәсіби скептицизмін көрсетуге қатысты дұрыс болып табылады?

Кәсіби скептицизм аудитордан мыналарға ерекше көңіл бөлу қажет етіледі дегенді көздейді:

1. басқа алынған аудиторлық дәлелдемелерге кереғар аудиторлық дәлелдемелерге;
2. құжаттардағы және басқарушы персоналдың аудитордың сұратуларына жауаптарында қамтылған ақпаратқа, олар күмән тудырмайды, дегенмен аудиторлық дәлелдемелер ретінде қолданылуы тиіс;
3. ықтимал алаяқтықты білдіруі мүмкін жағдайларға;
4. ХАС-мен қажет етілетін рәсімдерге қосымша аудиторлық рәсімдерді жүргізудің қажеттігін көздейтін мән-жайларға

б) 1, 2, 3 нұсқалар;

в) 1, 2, 4 нұсқалар;

г) 1, 3, 4 нұсқалар.

4.2 Егер аудитор аудит бойынша тапсырманың шарттарын келісе АЛМАСА, ал ал басқарушылық персонал оған аудит бойынша бастапқы тапсырманы орындауға мүмкіндік бермесе, аудитор (1) егер бұл қолданыстағы заңнамалық немесе нормативтік актіге сәйкес мүмкін болса, аудиттен бас тартуға;

(2) аудит жүргізуді аяқтап және тәуелсіз аудитордың есебіне аудит жүргізудегі елеулі шектеулер туралы хабарлайтын тиісті бөлімді қосуға;

(3) басқа Тараптарға, мысалы, ең жоғары уәкілеттіктерге ие адамдарға, иелерге немесе реттеу органдарына мән-жайлар туралы хабарлау үшін қандай да бір келісімшарттық немесе басқа міндеттеме бар-жоғын анықтаңыз;

а) 3-еудің 1-уі ғана;

б) 3-еудің 2-уі ғана;

в) 1 мен 2 ғана;

г) 1, 2, 3 нұсқалары.

4.3 Келесі жағдайларда аудитор белгілеген аудиторлық рәсімдердің орындалуының елеулілік деңгейіне арналған дұрыс жауап нұсқасын таңдаңыз:

1. Аудиторлық компанияның саясатымен қаржылық есептілік деңгейіндегі маңыздылықты анықтау үшін екі көрсеткіштің ең кішісі таңдалады деп белгіленген: есептік кезеңнің таза пайдасы немесе есептік кезеңнің соңындағы активтердің баланстық құны және осындай көрсеткішке есептеуге арнап 2% деңгейіндегі пайыз қолданылады. Ал аудиторлық рәсімдердің орындалу маңыздылығы тапсырманың бағаланған тәуекелдер мен өзге аспектілерге байланысты 75% және 90 % аралығында белгіленеді, алайда алғаш рет орындалатын тапсырмалар үшін орындаудың маңыздылығы қаржылық есептілік деңгейіндегі маңыздылықтың 70%-ы мөлшерінде белгіленеді.

2. Аудиті алғаш рет орындалып отырған кәсіпорынның деректері бойынша төмендегідей ақпарат бар:

- есептік кезеңнің таза пайдасы -7250 мың е.б.

- активтердің есептік кезеңнің соңына қатысты баланстық құны – 13840 мың е.б.

Бұл жағдайда осы аудит бойынша тапсырма үшін аудиторлық рәсімдердің орындалу маңыздылығы мына шаманы құрайды (в мың е.б.):

а) 207,6;

б) 101,5;

в) 193,8;

г) 130,5.

4.4 Бұдан әрі аталған факторлардың қайсысы МСА 530 сәйкес бақылау құралдарының (шараларының) сынақтарын жүргізу кезінде іріктеме көлемінің өзгеруіне елеусіз әсер етеді?

- а) Аудитордың рұқсат етілген ауытқу нормасы бас жиынтықтағы ауытқудың нақты нормасымен асырылмаған деген сенімділігінің қаланған деңгейін арттыру;
- б) Сыналып отырған бас жиынтықтағы ауытқудың күтілетін нормасын арттыру;
- в) Бас жиынтықтағы іріктеме элементтерінің санын көбейту;
- г) Рұқсат етілген ауытқу нормасын арттыру.

4.5 Аудитор жүгінген басқарушы персоналдың жазбаша куәліктерінің сенімділігіне қатысты төмендегі мәлімдемелердің қайсысы аудитордың күмәніне қатысты дұрыс болып табылады?

1. Егер жазбаша куәліктер аудитордың басқа дәлелдерімен келіспесе, аудитор бұл мәселені шешуге тырысу үшін аудиторлық рәсімдерді орындауы тиіс.

2. Егер аудиторда басқарушы персоналдың құзыреттілігі, адалдығы, этикалық құндылықтары немесе адал ниеттілігі туралы немесе оның осы сипаттамаларға адалдығы немесе міндетті түрде орындалуы туралы күмәндан туындаса, аудитор бұл мәселелердің сенімділікке (ауызша немесе жазбаша) және жалпы аудиторлық дәлелдерге қандай әсерін тигізуі мүмкін екенін анықтауы тиіс.

3. Егер аудитор жазбаша куәландырулар сенімді болып табылмайды деген қорытындыға келсе, аудитор ХАС 705 (қайта қарастырылған) сәйкес аудитордың есебіндегі пікірге ықтимал ықпалды анықтауды коса алғанда тиісті шаралар қабылдауы тиіс.

4. Егер аудитор жазбаша куәландырулар сенімді емес деген қорытындыға келсе, аудитор жағымсыз пікірін білдіруі тиіс, бұл ХАС 705-те (қайта қаралған) тікелей қарастырылған.

- а) 1, 2, 3, 4;
- б) Тек қана 2;
- в) Тек қана 4;
- г) 1, 2 және 3.

4.6 Жауап нұсқаларының қайсысы келесі тұжырымға қатысты дұрыс болып табылады: «Егер ерекше жағдайларда аудитор жаңа немесе қосымша аудиторлық рәсімдерді орындаса немесе аудиторлық есеп беру күнінен кейін жаңа қорытындылар жасаса, ол:

1. тікелей туындаған мән-жайларды құжаттандыруы тиіс;

2. орындалған жаңа немесе қосымша аудиторлық рәсімдерді, аудитор келген алынған аудиторлық дәлелдемелер мен қорытындыларды, сондай-ақ олардың аудиторлық есепке әсерін құжаттандыруы тиіс;

3. құжаттаманы сақтау кезеңі аяқталғанға дейін тапсырманың жаңа (айрықша) мән-жайларына қайшы келетін аудиторлық құжаттаманы алып қою және жоюы тиіс.

4. «аудиторлық құжаттамаға қашан және кім соңғы өзгерістер енгізгенін және оларды қашан және кім қарағанын құжаттандыруы» тиіс

- а) Тек қана 3;
- б) Тек қана 4;
- в) 1, 2, 3, 4;
- г) 1, 2 және 4.

4.7 Бұдан әрі келтірілген мәлімдемелердің қайсысы тапсырманың сапасын тексеруді қажет ететін тапсырма бойынша серіктестің міндеттеріне қатысты дұрыс болып табылады? Тапсырма бойынша серіктес:

- а) брать на себя полную ответственность за управление и достижение качества задания по аудиту тиіс;
- б) тапсырманың сапасын тексеруге жауапты адаммен ынтымақтасып және тапсырма бойынша басқа топ мүшелеріне бұл үшін олардың жауапкершілігі туралы хабарлауы тиіс;

- в) тапсырманың сапасын тексеруге жауапты адамды аудитті орындау бойынша топқа кеңес беретін сарапшылар тобына қосуы тиіс;
- г) аудиторлық есеп берілген күннен кейін күнтізбелік 60 күннен кешіктірмей тапсырманың сапасына бақылау жүргізуі тиіс.

4.8 Аудитордың бақылаушы персоналдың бақылауды елемеу тәуекелдеріне баға беруіне байланысты, ХАС 240 «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудитін жүргізу кезіндегі алаяқтыққа қатысты жауапкершілігі» бабына сәйкес, аудитор аудиторлық рәсімдерді төмендегідей мақсатта әзірлеп және орындауы тиіс:

- а) Бас кітапта көрсетілген жазбалардың және қаржылық есептілікті әзірлеу кезінде жасалған басқа түзетулердің сәйкестігін сынау;
- б) басқарушы персоналдың оның мұндай бақылауды елеусіз қалдырмағаны туралы куәліктерін алу;
- в) компанияның заңгерлеріне жүгіну және басқарушы персоналдың бақылау шараларын елемеу туралы олардың біліміне қатысты ақпарат алу;
- г) басқарушы персоналдың компанияның үздіксіз қызметі туралы тұжырымдарының негізділігін тексеру.

4.9 Егер аудитор ол компанияның заңнамалық немесе нормативтік талаптарды сәйкестендірілген немесе күдікті түрде сақтамауы қаржылық есептілікке айтарлықтай әсер етеді және бұл қаржылық есептілікте жеткілікті түрде КӨРСЕТІЛМЕГЕН деген қорытындыға келсе, аудитор ХАС 700 (қайта қаралған) талаптарына сәйкес не жасауы тиіс?

- а) Аудиторлық есепке «Заңнамалық және нормативтік актілердің талаптарына қатысты есеп» деген тақырыптағы бөлімді енгізіп және қаржылық есептіліктегі бұрмаланған ақпаратқа қатысты осы бөлімдегі пікірді өзгертуі тиіс;
- б) Қаржылық есептілік туралы пікір білдіруден бас тартуы тиіс;
- в) Қаржылық есептілік туралы ескертуі бар пікір немесе теріс пікір білдіруі тиіс;
- г) аудиторлық есепке өзінде қаржылық есептіліктегі осындай бұрмалану көрсетілген түсіндірме параграфты қосу.

4.10 Бұдан әрі келтірілген тұжырымдардың қайсысы ХАС 800 (қайта қаралған) «Арнайы мақсаттағы тұжырымдамалық негіздерге сәйкес әзірленген қаржылық есептіліктің негізгі ережелері – аудиттері» бабына сәйкес аудитордың пікірін қалыптастыру және есепті әзірлеуге қатысты дұрыс болып табылады?

- а) Арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік бойынша тәуелсіз аудитордың пікірін қалыптастыру және есепті әзірлеу кезінде ХАС 700 (қайта қаралған) талаптары мұндай форматтағы есепке қолданылмайды;
- б) Арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік аудиті бойынша тапсырмалар үшін ХАС 701 талаптары барлық жағдайларда қолданылады, өйткені арнайы мақсаттағы тұжырымдамалық негіз аудиттің негізгі мәселелеріне жатады;
- в) Арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік аудиті бойынша тапсырмалар үшін аудитор оның есебін кәсіпорын әртүрлі мақсаттарда пайдалана алады деп болжайды, бұл туралы «Түсіндірме параграф» деп аталатын аудиторлық есептің арнайы бөлімінде хабарлайды;
- г) Арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікті жасау кезінде пайдаланылған қаржылық есептіліктің қолданылатын тұжырымдамалық негізіне байланысты аудитордың есебінде басқарушы персоналдың қызметтің үздіксіздігіне қатысты жауапкершілігінің сипаттамасы қажет болған жағдайда тиісті түрде өзгертілуі мүмкін.

4.11 Келесі мәлімдемеге қатысты дұрыс жауап нұсқасын таңдаңыз: «Өздері туралы ең жоғары басқарушылық уәкілеттіктерге ие адамдарға хабарлау қажет болатын ішкі бақылаудың елеулі кемшіліктерінің белгілеріне мыналар жатады:

- 1) бақылау ортасының тиімсіз аспектілерінің болуының дәлелдемелері;

- 2) кәсіпорында әдетте, өздерінің орын алуын күтуге болатын тәуекелдерді бағалау рәсімдерінің болмауы;
- 3) басқарушы персоналдың қаржылық есептіліктің жасалуына қадағалауды жүзеге асыра алмауының дәлелі;
- 4) кәсіпорынның жекелеген қаржылық есептілігінен басқа шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау.
 - а) 1, 2, 3;
 - б) 1, 3, 4;
 - в) 2, 3, 4;
 - г) 1, 2, 4.

4.12. ХСБС 2 «Тапсырманың сапасын тексеру» бабына сәйкес, әрі қарай келтірілген мән-жайлар үшін әрі қарай келтірілген жауап нұсқаларының қайсысы дұрыс болып табылады.

«Тапсырманың сапасын тексеруге жауапты адамға тапсырманың белгіленген талаптарға сәйкестігін бұзатын жағдайлар туралы белгілі болған кезде, ол фирмадағы тиісті тұлғаға (тұлғаларға) хабарлап және:

- 1) егер тапсырманың сапасын тексеру әлі басталмаса, тапсырманың сапасын тексеруді орындау үшін тағайындаудан бас тарту;
- 2) егер тапсырманың сапасын тексеру басталса, тапсырманың сапасын тексеруді бір мезгілде орындау үшін сапаны басқару жүйесінің мониторингін жүргізуге жауапты адамды тарту;
- 3) егер тапсырманың сапасын тексеру басталса, тапсырманың сапасын тексеруді тоқтату.
- 4) сапаны бақылаушы кез келген мән-жайларда тапсырманың сапасын тексеруді орындау үшін тағайындаудан бас тарта алмайды, бірақ тапсырма бойынша серіктес тарапынан терең бақылау үшін осындай мән-жайлар туралы хабардар етуге міндетті.»
 - а) Тек қана 1 мен 3;
 - б) Тек қана 1 мен 2;
 - в) Тек қана 2 мен 3;
 - г) Тек қана 2 мен 4.

4.13 Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитіне қатысты топ аудиторының міндеттеріне немесе жауапкершілігіне қатысты дұрыс жауапты таңдаңыз.

- а) Кез келген жағдайда топтың қаржылық есептілігі бойынша аудитордың есебінде компонент аудиторына сілтемелер болуы тиіс;
- б) Маңызды емес компоненттер үшін топқа арналған тапсырма тобы топ деңгейінде аудиторлық процедураларды орындамауы мүмкін;
- в) Топ аудиторы өздері үшін компонент аудиторлары топ аудитінің мақсаттары үшін аудит немесе шолуды орындайтын компоненттер үшін компоненттің маңыздылығын анықтайды;
- г) Аудитор аудит үшін құрамдас аудитордың елеулі компонентін тартқан жағдайда, топ аудиторы компоненттің аудиторлық тәуекелін бағалауға әсерін тигізбеуі тиіс.

4.14 ХАС-ға сәйкес «бұл аудитор үшін бас жиынтықтардағы бұрмалануларды, соның ішінде өздерінен іріктеме алынған барлық бас жиынтықтарға аудиторлық іріктемелерді анықталған бұрмалануларды болжауды қоса алғанда, ең жақсы мүмкін болатын бағалау» деген анықтама қандай терминге қатысты болып табылады?

- а) Нақты бұрмаланулар;
- б) Болжам салдарынан бұрмалану;
- в) Бағалау салдарынан бұрмалану;
- г) Ой-пікір салдарынан бұрмалану.

4.15 Бұдан әрі келтірілген мәлімдемелердің қайсысы ішкі аудит бөлімінің жұмысының сипаты мен көлемін, оны сыртқы аудитордың пайдалануын анықтауға қатысты дұрыс болып табылады?

- а) тұжырымдар деңгейінде елеулі бұрмаланудың бағаланған тәуекелі неғұрлым жоғары болса, әсіресе маңызды деп сәйкестендірілген және бағаланған тәуекелдер болған кезде, ішкі аудитордың жұмысы соғұрлым көп қолданылады;
- б) Ішкі аудитордың құзыреттілік деңгейі неғұрлым жоғары болса, ол сыртқы аудитордың орнына, мысалы, елеулі дебиторлық және кредиторлық берешектің сыртқы растауларын бақылау сияқты рәсімдерді соғұрлым көбірек орындай алады;
- в) Ішкі аудитор өзінің бақылау уәкілеттіктерін үнемі жүзеге асырады; сыртқы аудитор ішкі аудитордың есепті кезеңнің аралық күндеріндегі есептеріне сүйене отырып, тек қаржылық есептілік күніне қатысты аудиторлық рәсімдерді орындай алады;
- г) Ішкі аудит бөлімінің құзыреттілік деңгейі неғұрлым төмен болса, аудит кезінде сыртқы аудитор оны соғұрлым аз мөлшерде тарта алады.

4.16 ХАС-ға сәйкес, аудиторлық дәлелдемелердің сапа шарасы, яғни аудиторлық пікір негізделетін қорытындыларды қолдаудағы олардың орындылығы мен сенімділігі неге жатады?

- а) Аудиторлық дәлелдемелердің жеткіліктілігіне;
- б) Аудиторлық дәлелдемелердің тиімділігіне;
- в) Аудиторлық дәлелдемелердің санына;
- г) Аудиторлық дәлелдемелердің объективтілігіне.

4.17 Қандай есептер есептердің мысалдарына жатады, олар жеке құжаттар ретінде жарияланған кезде, әдетте, жылдық есепті құрайтын құжаттар жиынтығының бөлігі болып табылмайды (заңнамаға, нормативтік актіге немесе әдет-ғұрыпқа байланысты), сондықтан ХАС 720 «Аудитордың басқа ақпаратқа қатысты жауапкершілігі» стандартының қолданылу саласындағы басқа ақпарат болып ТАБЫЛМАЙДЫ?

- а) Тұрақты даму туралы;
- б) Директорлар кеңесінің операциялық және қаржылық шолу туралы есебі;
- в) Корпоративтік басқару туралы;
- г) Тәуекелдерді ішкі бақылау және бағалау туралы.

4.18 Бұдан әрі келтірілген талаптардың қайсысы ХАС 620 «Аудитор сарапшысының жұмысын пайдалану» стандартына сәйкес аудитордың сарапшысына қатысты ДҰРЫС ЕМЕС?

- а) Аудитор мен аудитордың сыртқы сарапшысының арасындағы келісім көп жағдайда міндеттеме-хат нысанына ие болып отырады;
- б) Аудитор сарапшысының құзыреттілігі мен ептілігі аудитор сарапшысының жұмысы аудитордың мақсаттары үшін жеткілікті болу-болмауына айтарлықтай әсер ететін факторлар болып табылады;
- в) аудитор сарапшысының объективтілігіне төніп тұрған қауіп-қатерлердің қолайлы деңгейде болу-болмауына қатысты баға аудитордың сарапшысының рөліне және сарапшының аудит саласындағы жұмысының маңыздылығына байланысты болуы мүмкін;
- г) Егер Тараптар басқаша келіспесе, аудитордың сыртқы сарапшыларының жұмыс құжаттары бастапқыдан аудитордың аудиторлық құжаттамасының бөлігі болып табылады.

4.19 Аудитор ХШТС 2400 «Тарихи қаржылық есептілікке шолу тапсырмасы» стандартына сәйкес қаржылық есептілікке шолу жүргізген кезде негізінен қандай аудиторлық рәсімдерді орындайды?

- а) Бақылау және тексеру;
- б) Бақылау құралдарын (шараларын) тестілеу;
- в) Сұратулар мен аналитикалық рәсімдерді қолдану;
- г) Бастапқы құжаттарды тексеру.

4.20 Егер қаржылық есептілікте аудитордың пікірінше маңызды және жан-жақты болып табылатын елеулі бұрмаланулар болса, аудитор қандай пікір білдіруі тиіс?

- а) Жағымсыз пікір;
- б) Ескертуі бар пікір;
- в) Пікір білдіруден бас тарту;
- г) Түсіндірме параграфпен өзгертілмеген пікір.

ЕМТИХАННЫҢ СОҢЫ

ЖАУАПТАРҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША ОРЫНДАР

| |
|---|
| <i>№ сұраққа жауап беруге арналған орын</i> |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |

| |
|---|
| <i>№ сұраққа жауап беруге арналған орын</i> |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |

ЖАУАПТАРҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША ОРЫНДАР

| |
|---|
| <i>№ сұраққа жауап беруге арналған орын</i> |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |

| |
|---|
| <i>№ сұраққа жауап беруге арналған орын</i> |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |
| |

шимаи жазбаларға/есептеулерге арналған бет

Lined writing area consisting of multiple horizontal lines.

БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ

БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ